

I.N.Kozyrskaya

## Formation of psychological culture of the future of educational psychologists and specialist in pre-school education

The problems of the formation of the psychological culture of the future of educational psychologists and experts in early childhood education in the context of general professional training, its performance and the main aspects of manifestation. The essence of psychological culture of the teacher-psikhologa and the specialist in preschool education is analysed. The author on the basis of specifics of the contents and functions of each of them and reflection of genesis of culture of the personality allocated components of psychological culture.

### References

- 1 *Industrial Karaganda*, 2004, January 8, p. 4.
- 2 *Psychology: Dictionary* / Ed. A.V.Petrovskiy, M.G.Yaroshevskiy, Moscow, 1990, p. 492.
- 3 Dyachenko M.I., Kandybovich L.A. *Psychology Graduate School*, Minsk, 2001.
- 4 Zakharova L.N. *Questions of psychology*, 1998, 2.
- 5 Zimnyaya I.A. *Educational psychology*, Rostov-on-Don: Feniks, 1998.
- 6 Klimov E.A. *Psychology professional self*, Rostov-on-Don: Feniks, 1996.
- 7 Steinmetz A.E. *Psychological preparation for teaching*, Kaluga: KGPU, 1998.
- 8 Arnoldov A.I. *Introduction to cultural*, Moscow: NAKiOTs, 1992, 349 p.
- 9 Gazman O.S. *New pedagogical thinking*, Moscow: Education, 1989, p. 295.
- 10 Klimov E.A. *Introduction to the psychology of work*, Moscow: MGU, 1998, p. 302.
- 11 *Holodnaya M.A. Psychology of Intelligence: Paradoxes of research*, Moscow: Bars, 1997, 392 p.

ӘОЖ 371.13(370)

К.Р.Исаева, А.К.Буртибаева

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті (E-mail: kulmarash-isaeva@mail.ru)*

### 12 жылдық мектеп деңгейінде бейінді оқытуды жүзеге асыруда педагогикалық мамандар даярлау мәселелері

Мақалада білім беру қызметі саласында мамандардың кәсіптік біліктілігін арттыру және қайта даярлау үздіксіз үрдіс мәні мен орны қарастырылды. Авторлар білімділікті арттырудың үздіксіздігі ұлт мектебінің 12 жылдық білім деңгейіне көшу үдерісінде ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен тәжірибе жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, еңбек нарығында бәсекелесуге қабілетті білікті жұмысшылар мен мамандар даярлау, олардың біліктілігін арттыру мәселелеріне талдау жасаған.

*Кілт сөздер:* бейінді оқыту, кәсіптік біліктілік, кәсіптік бағдар, қалыптастыру, танымдық қызығушылық, шығармашылық белсенділік.

Ұлт мектебінің моделінің өзегі — егеменді еліміздің жас ұрпағын ойлы да іскер, жігерлі де батыл, білімді интеллектуалдық деңгейі биік, жан-жақты жетілген азамат етіп тәрбиелеу.

Мемлекеттік білім саясаты, ең алдымен, мектептер арқылы жүзеге асырылатыны айдан анық. Мұғалімнің маман ретіндегі басты міндеті — рухы мықты, жан дүниесі бай жан-жақты жетілген жеке тұлға қалыптастыру. Жас ұрпақтың дарыны мен талантын ашу, шығармашылық ойлау қабілетін жетілдіру, олардың өзіне деген сенімін қалыптастыру, болашағын болжау мүмкіндігін жасау, өзін-өзі тану әдіс-тәсілдерін үйрету — ұстаздар қауымының негізгі міндеті.

Білім беруде өзекті болып отырған мәселенің бірі — болашақ педагог мамандарды бейіндік оқыту бағдарламасының бағыты бойынша дайындау. Білім алушылардың мүдделерін, бейімділігі мен қабілеттерін ескере отырып, оқытуды саралау және даралау процесі, білім беру процесін ұйымдастыру негізінде бейінді оқытудың теориялық қағидаларын талдау.

Қазақстан Республикасында бейіндік оқыту жалпы білім беретін мектептің 10–11 сыныптарында жүзеге асырылады, сондықтан білім берудің осы сатысын «бейіндік мектеп» деп атауға толық негіз бар. Бейіндік мектеп бейіндік оқытуды іске асыратын оқытудың институционалдық формасы болып табылады.

ҚР Білім және ғылым министрлігі және Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім беру академиясы Қазақстан Республикасында Бейіндік оқытуды дамыту тұжырымдамасын дайындап ұсынды. Аталған Тұжырымдама Шетел практикасының бейіндік оқыту тенденциялары, Қазақстандағы бейіндік оқытуды ұйымдастыру тәжірибесі, 12 жылдық білім беру моделіндегі бейіндік оқытудың ұйымдастыру мақсаты мен басшылыққа алу ережесі, Бейіндік оқытудың білім беру мазмұны, Бейіндік оқытуды ұйымдастырудың мүмкіншілік түрлері, Бейіналды даярлығы, Орта білім жүйесіндегі жалпы орта білім беру, Қазақстан Республикасында бейіндік оқытуды дамыту тұжырымдамасын іске асыру процесін басқару тарауларынан тұрады. Яғни осы Тұжырымдаманы негізге ала отырып, жалпы орта мектептердегі жоғары сыныптарға бейіндік оқыту бағдарламасына сәйкес білім беруге болады деп айтуымызға толық негіз бар.

Бейінді-бағдарлы оқыту дегеніміз — оқушылардың қызығушылық бағытының, қабілетінің дамуына жағдай жасайтын және олардың келешекте ие болуға тиісті кәсібіне бейімделуді қамтамасыз ету.

Қоғам дамуының қазіргі кезеңі адам қызметінің негізгі құралы техника мен технологиялық үдеріске бағыныштылығымен ерекшеленеді. Сондықтан да болашақ мамандарды инновациялық тұрғыда даярлау проблемасы аса назар аударуды талап етеді. Болашақ маман пәнді жақсы білумен қатар, технологиялық-құзыреттілік әдістемесін жете меңгеруі тиіс.

Баланы жасынан еңбекке тәрбиелеу адам қоғамымен тығыз байланысты. Тіптен жазу-сызу болмаған тайпалық дәуірдің өзінде өз ұрпағын өмірге бейімдеп тәрбиелеу, оларды отбасында еңбекке, қол өнерге, аңшылыққа үйрету дәстүрі халық өмірінен өзекті орын алған.

Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, Қ.Жарықбаев, С.Қалиев және басқалары өз зерттеулерінде баланың ішкі әлеміне көңіл бөлу қажеттілігі мен оқуға деген талпынысын қалыптастыруға бағыттау, шығармашылық қызығушылыққа, тәрбиелеу туралы қорытындылар жасайды.

Ғалымдар бұл мәселені шеше отырып, мектеп жұмысының практикасында теориялық қорытындыларды іске асыруға талпынуы өте маңызды. Оқу-тәрбие процесін тереңдету сұрақтарына арналған еңбектер үлкен теориялық және практикалық мәні бар.

Білім беру қызметі саласында мамандардың кәсіптік біліктілігін арттыру және қайта даярлау үздіксіз үрдіс болып табылады. Білімділікті арттырудың үздіксіздігі ұлт мектебінің 12 жылдық білім деңгейіне көшу үдерісінде ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен тәжірибе жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау еңбек нарығында бәсекелесуге қабілетті білікті жұмысшылармен мамандар даярлау, олардың біліктілігін артыруды қамтамасыз етеді.

Жалпы білімнің басты үш міндетті бар, олар: баланың өзіндік жалпы дамуын, жан-жақты дүниетануын қамтамасыз ету және оны болашақ белгілі бір кәсіпке даярлау. Осы үш міндеттің ішінде қоғамдық даму күрделенген сайын баланы жастай алдағы кәсіпке бағдарлай әзірлеу — ең көкейкесті мәселеге айналып отыр. Кәсіптік бағдар беру жұмысының алғашқы басшысы отбасы тәлім-тәрбиесінен басталып, одан мектеп, мектептен тыс мекемелер, кәсіпорын шаруашылықпен ұштасып жатыр.

Педагогика ғылымда кәсіптік бағдар берудің қоғамның әлеуметтік-экономикалық қажеттілігіне, оқушының кәсіптік мұратына, бейімділігіне, іскерлігіне, психикалық және күш-қуатына сай мамандықты дұрыс тандап алу мектептің педагогикалық ұжымы, үйірме, кәсіптік оқу орында, ұжымдары, өндірістік ұжымдары, жұртшылықтың іс-әрекеттері деп үндеседі.

Алайда оқушыларға кәсіптік бағдар беру жұмысын ұйымдастырумен үйлестіруші қатарына мектептен тыс мекемелерде жататынын ескерген жөн. Осы орайда қосымша білім беру ұйымдары (мектептен тыс мекемелер) қызметтің маңызы ерекше екенін атап өтуге болады.

Кәсіптік білім берудің мәні мен мазмұны, оқушылардың кәсіптік бағдарын қалыптастыру жан-жақты зерттелген десек те, қоғамның жаңаруы, нарықтық экономиканың өмірге дендеп енуі, жаңа

реформалар мен саяси жүйенің өзгеруі оқушыларға кәсіптік бағдар беруде жанаша көзқарас тұрғысынан қарауды талап етіп отыр.

Индустриалды-инновациялық даму талабына сай білім мен ғылым техника салаларындағы өзгерістер жоғары оқу орнында маман даярлау мәселесіне бәсекелестік жаңа көзқарасты талап етеді. Бәсекелестік нарықтық еңбек қатынасының барлық салаларын қамти отырып, тұлғаның кәсіптік әрекеттегі қабілеттерімен, бейімділіктерімен ғана өлшенбейді. Сондықтан нарықтық экономика жағдайындағы кәсіптік бағдар беру оқушылардың кәсіби дайындығы, жарамдылығы негізінде олардың рухани тұрғыдан жан-жақты дауымын және дара психологиялық ерекшеліктерін біле отырып жүргізуге тиістіміз.

Мемлекеттің негізгі стратегиялық басымдылықтарының бірі — бәсекеге қабілетті мамандар даярлау. Бәсекеге қабілеттілік және тұлғаның еңбекке қабілеттілігінен, кәсіби бейімділігінен еліміз үшін пайдалы кәсіби әрекетінің шынайы көрісінен туындайтын маңызды мәселе.

Бәсекеге қабілеттілік тек қана кәсібилік емес, сонымен қатар жеке тұлғалық компоненттермен де анықталады, яғни жеке адамның қонымды, тұрақты қасиеттерінің жиынтығымен, мінезімен, кәсіби іс-әрекеттік қызмет істей алатын қабілеттері және жағдайымен тұлғаның бәсекеге қабілеттілігі интегративті параметрлерімен сипатталады.

Өз кәсібін дұрыс таңдай білген оқушы оған әр уақытта шығармашылықпен, жауапкершілікпен қарап, қабілеті мен бейімділігі белгілі бір кәсіп саласына сай қалыптасқанда ғана сапалы маман болатыны белгілі жайт.

Кәсіби бағдар беру — жас ұрпақты өзіне ұнаған тиісті мамандықты саналы таңдап алуға дайындауға бағытталған мектеп мұғалдерінің технологтардың, дәрігерлердің, инженер-педагогтердің, жанұяның, еңбек ұжымдарының бірлескен іс-әрекеті. Кәсіби бағдар беру оқушыларды мамандықтар әлемінде олардың мазмұны, ерекшеліктері, жеке тұлғаға қоятын талаптардың өз бойындағы қасиеттермен ұштастырып, өндіріс, шаруашылық салаларының даму мәдениеттеріне, оның нарықтық экономика жағдайындағы рөліне сай саналы таңдалып алынған мамандыққа мүдделілігіне тәрбиелеуді қажет етеді. Кәсіби бағдар беру жүйесі қазіргі таңда жастарды өз бетінше кәсіби үйренуде ғылыми-теориялық және практикалық қабілеттерін, ел экономикасындағы қажеттілікпен ұштастыру болып отыр.

Кәсіби бағдар мақсаты жас ұрпақты саналы түрде мамандық таңдауға дайындау, үйрету екендігі белгілі.

Алайда бейінді оқыту мәселесі мектептегі жалпы білім беретін пәндер деңгейінде, сыныптан тыс және мектептен тыс жұмыстарда белсендіру мәселесі жеткіліксіз зерттелген.

Халықтың тұрмыс жағдайының жоғарылауы, үдемелі индустриалды-инновациялық даму жағдайындағы өндірістің техника-технологиялық үдерісінің жетілуі жастарға маман ретінде жаңа талап қояды, яғни білім берудің заманауи тенденциясын анықтауды қажет етеді.

Осыған байланысты жоғары оқу орнында оқу-тәрбие үрдісінде студенттердің шығармашылық өзін-өзі жетілдіру әрекетін белсендіру мәселесі ерекше орын алып отыр.

Педагогика ғылымы оқу әдістемесін әрқашан ұрпақ тәрбиесінің білім беру жүйесінде өмірмен байланысты оқыту мен тәрбиелеудің маңызды әдістерінің бірі ретінде қарастырады және оның үлкен мүмкіндіктерін адамды жан-жақты дамыту тәрбиесінде кеңінен қолдануды ұсынады. Қазіргі кезде оқыту әдістемесін жетілдіру педагогтарға күрделі міндеттерді шешуге көмектесуде.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңынан туындайтын міндеттерді орындау білім жүйесін үздіксіз дамыту арқылы оқытудың мазмұнын байытуды көздейді. Бұл ретте жоғары оқу орнындағы тәрбие мен жалпы орта білім беретін мектептердің атқарар жұмыстары ауқымды және сапалы көзқарасты талап етеді.

Жалпы орта білім жүйесінің іргетасы — ол жалпы алғанда ұлттың білімділік деңгейін анықтайды және жеткіншектерді өмірге тәрбиелейді, олардың жеке басы және қоғам мүддесі үшін өз әрекетін іске асыруға мүмкіндік береді. Жалпы білім берудің басты міндеттері:

- оқушының өзін қоршаған, өзі сүрген жаңа табиғи және әлеуметтік ортаға үйренуін, онда жаңа әлеуметтік мәртебе — оқушы мәртебесінің қалыптасуын;
- оқу, ойын, еңбек, қарым-қатынас т.б. сияқты әрекет түрлерін қажетті деңгейде меңгеруін;
- айналадағы дүниемен дара тұлғаның қатынасының қалыптасып, эстетикалық, адамгершілік нормаларын меңгеруін;
- білімін әрі қарай жалғастыруға дайындығын сипаттайтын белгілі бір деңгейдегі эрудициясының болуын қамтамасыз етуі тиіс.

Осы жоғары оқу орнының және жалпы білім берудің басты міндеттерін орындауға бағытталған ғылыми-теориялық құжаттар: оқытудың жалпы міндетті мемлекеттік стандарты, оқу бағдарламалары, оқулық, оқу-әдістемелік құралдар болып табылады.

Бұл құжаттар оқытудың мақсаты мен міндеттерін жүзеге асыруды көрсететін, білім берудің стратегиялық бағыттарының тактикалық шешілу жолдарын нақтылы көрсететін біртұтас әдістемелік жүйе. Оқушыларды қажетті біліммен және танымдық, әрекет әдіс-тәсілдерімен қаруландырудың көзі, яғни, білім беру стандарты елімізде әр жасөспірімнің ұлтына, дініне, әлеуметтік жағдайына қарамастан, жалпы білім алуына тең құқығын қамтамасыз етеді. Мемлекеттік білім стандарты әр пән бойынша әрбір оқушының білім алу дәрежесіне қол жетуін көздейді.

Философияда танымдық қызығушылыққа тұлғаның әлеуметтік өзара байланыстылық себептестігінің қасиеті жатады. Баланың танымдық, шығармашылық қабілетін қалыптастыру қызығушылықтың дамуы оған қоршаған ортаның әсер етуімен, оқытумен, тәрбиелеумен және оның жеке белсенділігіне байланысты. Мектеп оқушылары білім, біліктілік, дағдыны әлеуметтік тәжірибені түсіну үрдісінде және ұйымдастырылған педагогикалық әсер ету арқылы қабылдайды.

Философиялық және әлеуметтік зерттеулерде қалыптастыру қоғамдық сананың объективті және субъективті диалектикалық бірлігі, адамның шынайы өмір сүру жағдайы, әрекетіне негізделген.

Көненің ойшылдары адамның қоғамдық жеке дара әрекетін, олардың әлеуметтік көзқарас тұрғысынан түсіндіруге әрекет жасады. Аристотель, Сократтың өзі-ақ адамның өмір сүруінің алғышарты, жекелеген адамның қылығының және қоғамның дамуының біртұтастығы екенін айтып өтті.

Оқушылардың қалыптастыру табиғаты адамның сезімталдығымен, тұлғаның ұстаушылығымен келісіледі деп түсінді. Ғалым былай деп есептеді, егер физикалық дүние қозғалыс заңына бағынатын болса, онда рухани дүниенің қалыптастыру, қызығушылыққа бағыныштылығы, онымен пара-пар деп есептеді.

Көне ойшылдардың қалыптастыру теориясының маңызы жөніндегі көзқарастары, жаңаша зерттеулердің көптеген эксперименттік жиынтықтарын басып озды және қызығушылық психологиясы мен педагогикалық теориясына бастама жасады. Я.А.Коменскийге дейін мінез-құлық қызығушылықтың қозғаушы күші ретінде ешкім қарастырмады. «Ұлы дидактиканың» авторы алғаш рет қалыптастыру білімге ұмтылудағы мүмкіндік туғызатын эмоционалды түрленген, ықпал ретінде қарастырды. И.Г.Песталоцкийдің пайым дауында қалыптастыру қоршаған ортаны сезім арқылы қабылдау және оқушы ойлауын арасын байланыстырушы тізбек ретінде алға шығады.

Сезім арқылы ойлау мүмкіншілігін жетілдіріп, ал ойлау қабілеті сезім арқылы қабылдауды байытады. Бұл байланыс баланың өз мүмкіншілігін терең ұғынуына, сезінуіне жәрдемдеседі. Дегенмен, зерттеулерде айтылғандай, қалыптастырудың табиғи тұрғыдан өздігінен дамудың бастауы ретінде қарауды адамның тұлға болып қалыптасуындағы бұл феноменнің қозғаушы көздерін ашу, қызығушылықтың маңызын анықтау деп түсіндірді.

Ғалымдар еңбектерінде қалыптастыру деп кез келген тірі әрекеттің қажетті жағдайы, материалдық әр түрлі қоздырушы және басқа да педагогикалық тәсілдері айтылған. Бұл тарихи кезеңнің зерттеулерінде оқымыстылардың қалыптастыру деген көзқарасы практикалық идеалистік түрде болды. Қызығушылық оқытудың маңызды факторы ретінде қарастырылып, оның философиялық, психологиялық мәнін ашуға назар аударылды.

Әлеуметтік талдау жасау жолымен осы байланыстарды қоғамдағы қызығушылықты анықтап, әр топқа мінездеме беру тұлғаның әрекетін еңбекшілердің қызығушылығымен байланыстырып, еңбекпен рахаттануда деп бағалады. Қызығушылық әрекетінің маңызды аспектісі жекелеген адамның іс-әрекетінің жандандырушы күші және қоғамның біртұтас бөлігі.

Шығыстың ғұлама ғалымы Әбу Насыр әл Фараби табиғат зерттеушісі, кемеңгер, психолог-педагог адамды оқу-білім, тәлім-тәрбие, ізгілік қасиеттерге баулу үшін оны қоршаған дүниені, табиғат құбылыстарын танып-білуге баулу керек деп тұжырымдайды. Жалпы қауым өзі қоршаған ортаны, табиғат пен қоғамдағы өзгерістерді тұлға өз басындағы құбылыстарды түсінуге әрекет жасап, өз танымымен кеңейтіп отырған. Табиғи таным ұрпақтан ұрпаққа беріліп, жетіліп, дамып отырған [1].

Жүсіп Баласағұнның педагогикалық көзқарастарында ұлттық дүниетанымнан бастау алу, табиғатты, ата-ананы, орман-тоғайды, өзен-суды, табиғаттың тылсым тынысын тыңдап, сол табиғаттың бөлшегіндей сезіну, ардақтау, дәстүрін қалыптастыру адамның имандылық деңгейінің өлшемі деп есептелінеді [2].

Объективті қалыптастыру қоғамдағы процестердің қозғаушы күші бола алады; оларды адамдар сезінуі тиіс, ал субъективті қалыптастыру ізденуді қажет етеді. Қызығушылықтың пайда болуымен

қоғам өмірінің қозғаушы күші тұлғаның қызығушылық проблемасы алшақ емес. Субъективті қызығушылық таным қызығушылығының проблемасын түсінуге көптеген теориялық ережелер, нұсқаулар мазмұнын қалыптастыруға әсер етеді. Сонымен бірге қызығушылық пен қажеттіліктің арақатынасын, қызығушылық қажеттілікпен бірге табиғи байланысып қарастырылады; ал қажеттілік қызығушылықтың пайда болу мазмұны мен бағытын ескереді.

Сонымен қатар философиялық тұрғыда бейінді оқытуға қажеттілік қалыптастыру қоғамдық өмірдің объективті фактісі ретінде түсіндіріледі, нақты бейінді оқыту заңды шарттармен анықталатын қоғамның және жеке тұлға дамуының мықты қозғаушы күші болып табылады.

Мәселеге қоғамдық ортаның тигізетін әсерін бекіту, танымдық және өсіп келе жатқан азаматтың әлеуметтік белсенділігі ретінде қарастыруды талап етеді. Балалардың ой-өрісін, білімін қалыптастыру, олардың табиғатқа жақын екенін ескеріп жаратылыстану ғылымдарымен, кітаппен, жер жағдайымен, табиғатпен, еңбекпен таныстыру арқылы дамыту керек екені мәлім.

Шығармашылық қабілетін қалыптастыруға үлкен мән бере отырып, оны баланың дамуының қозғаушы күші ретінде, баланың рухани туа пайда болған қызығушылығы мен ақыл-ойдың дарындылығы деп қарау керек. Бұл ғалымдардың пікірімен келісе отырып, шығармашылық қабілетін қалыптастыру әрекетінен тыс қарастыратын құбылыс емес, қалыптастыру теориясын дамыта отырып, шығармашылықтың педагогикалық аспектісіне жеке тоқталуды қажет деген тұжырым жасаймыз.

Жаңаша дидактикада шығармашылық қабілетін қалыптастыру физиология мен психология жетістігін ескере отырып, оқыту процесінде баланың оқып-үйрену проблемасын, жан-жақты тұлға ретінде дамуының қажеттілігін шешеді.

Сыртқы дүниенің әр алуандығы адам іс-әрекетінде әр түрлі шығармашылық қабілетін қалыптастыруға мүмкіндік тудырады, яғни оны түсіндіру және анықтау да әр түрлі әдісті қажет етеді.

Шығармашылық қабілетін қалыптастыру бөліп ала отырып, оны таным ядросымен байланысты ойлаудың шындыққа жақындығы белгілі. Шығармашылық қабілетін қалыптастыру мәселесінде басты орынды психологтар оқушының таным қажеттілігіне саяды. Яғни кез келген шығармашылық қабілетін қалыптастырудың қайнар көзі, танымдық қажеттілік болып саналады.

Қажеттілік — адам өмірінің жүйке-психологиялық компонентінің маңызды құралы. Шығармашылық қажеттілік не қызығушылықты оқушының танымдық белсенділігінің жағдайы ретінде қарастыра отырып, оның таным қажеттілігін қалыптастыру проблемасын тұлға проблемасымен ұштастырып, бұл проблеманы әр түрлі ғалымдардың жұмысын талдау арқылы ашу көзделеді.

Таным теориясы проблемасын шешуде үлкен маңызға ие жұмыстар, танымдық қажеттілік пен қызығушылыққа байланысты. Бұл Р.М.Қоянбаев, Ж.Әбиев өз еңбектерінде таным қызығушылығы мен қажеттілігін өзара байланысты зерттелген. Танымдық қызығушылық проблемасын әсерлі-логикалық, яғни, баланың ішкі табиғатын қажетті жағдайлардағы, әсіресе тәрбиелеу, оның жекелеген тәжірибесін қалыптастыру жағдайында қарастырады.

Нақты қажеттіліктің қамтамасыз етілуіне байланысты бұл маңыздылықтың негізгі дәлелі болып саналады, яғни әрекетке талпыну. Бұл маңыздылықтың негізгі дәлелі болып саналады, яғни әрекетке талаптану.

Білімде танымдық қажеттілікті тәрбиелеу-танымдық белсенділікті дамыту шарты ретінде қажеттілік өлшемдерін білу маңызды. Осы тұрғыда мектеп оқушыларының білімге қажеттілігін дамыту диагностикасының әдістері мен білімге деген қажеттіліктің келесі критерийлері берілген.

Қызығушылықтың әр даму кезеңіне сай, бұл бейінді оқыту әр түрлі деңгейде болады. Мектептің бастауыш сатысында сезім компоненті, жасөспірім кезеңінде – танымдық, ал мектептің жоғарғы сатысында іс-әрекетке тікелей байланысты себеп, жасөспірімді өзі қызығатын жұмыспен айналысуға жетелейтін, әдетте әлеуметтік себепке тікелей байланысты. Қызығушылықты эмоционалды-танымдық қарым-қатынас түрінде анықтады. Күрделі психикалық процестің маңызды бөлігі танымдық қызығушылық деп пайымдады. Танымдық қызығушылық оқу әрекетіне, білім алуға, ғылымға деген қызығушылық, яғни, ол адамды белсенді танымға ұмтылуға мәжбүр етеді деп бағалады.

Танымдық қызығушылық, күрделі психикалық процестің маңызды саласы ретінде, оқу әрекетіне, білім алуға, ғылымға адамды таныуға белсенді ұмтылуын, олардың іске асырылуына тәсіл мен құрал іздеуге мәжбүр етеді.

Ж. Аймауытов келесі танымдық қызығушылықтың түрлерін бөліп көрсетті [3]:

1. Қызықтылық — жете түсіну әрекеттілігінің ең төменгі деңгейі. Бұл қызығушылық заттың әсерлі, айқындалған, жаңаша нәтижесінде пайда болады және тұрақсыз бөлінеді.
2. Қызығушылық — бір жақты, кездейсоқ нақты фактілерге қызығушылық, олардың өзара байланысынсыз.
3. Қызығушылық — жинақталған, кең, затқа деген біртұтас қызығушылықпен сипатталады.
4. Қызығушылық — арнайы жеке, жете түсінудің жоғары деңгейі.
5. Қызығушылықтың бұйымның жаңалығының сезімге айқын әсері.
6. Белгілі фактілердің өзара байланысына жеке және тығыз қызығушылық.
7. Бұйымға жалпы қызығушылық білдіру.
8. Жеке тереңдетілген арнайы қызығушылық.

Танымдық қызығушылықтың жоғарыда айтылған ерекшеліктері балада ерте және анық сезіледі басқа да себептерді жандандырып, дамудың ішкі ортасын құрады, танымдық әрекеттің мәнді өтілуіне және нәтижеге әсер етеді. Қызығушылықтың дамуы мектептегі оқу мен тәрбие үрдісінің жетілуіне мәнді әсер етеді. Сондықтан жоғары дәрежелі маңызға ие қызығушылықтың дамуының ең маңыздысы деп кеңейтілген, күрделенген адамның қоршаған дүние шындығына қарым-қатынасын айтады.

Педагогикалық оқулықтарда оқушылардың шығармашылық қабілеттерін арттыру келесі анықтамалармен толықтырады:

- адамның таңдауға бағыттылығы, оның ойлары, ықылас, ниеті, ойлау және эмоционалдық белсенділікті көрсету, баланың әр түрлі сезімдері мен өзіндік сезімталдығы, іс әрекетпен, заттармен айналысу, әрекет процесі тенденциясы, эмоционалды еріктік және тенденция интеллектуалдық процестер, адамның көтеріңкі белсенділік әрекетін көтеретін, қажеттіліктен тұратын құрылым, дүниеге белсенді танымдық эмоционалды танымдық қарым-қатынас.

Тұрақты орнықты қызығушылық жан-жақтылыққа ие бола отырып, мұғалім көрнекілігі түрінде көрсетіледі. Мұғалімнің алдына қойған міндетті көрнекі түрде ұжыммен, педагогикалық міндеттерді атқарады.

Дамыған қабілеттер — тұрақты білімге, кәсіпке қызығушылықтың белсенді және тура байланысқан ынталандыру барысында қалыптасады, бұл жағдайда қызығушылық белсенді, кең, терең болуы керек. Бұл жерде мұғалім тек білім беріп қана қоймай, қажет біліктілікті жан-жақты дамыту арқылы дағдыға дейін жеткізу керек. Өз борышын сезіну және мойындау — бұл мұғалімге тәрбие саласы бойынша үлкен жауапкершілік жүктейді. Осының бәрі тұрақты қызығушылықтың жан-жақтылығын анықтайды және басқа да қызығушылық әдістемесін қамтиды.

Сондықтан тұрақты қызығушылықты қалыптастыру әр түрлі ғылымдардың берілуінде, сонымен қатар әдістемелік үйірмелер және факультативтік жұмыстарда маңызды міндет болып саналады.

Мұғалімнің әңгімесі мен көрсеткен суреті балаға эмоционалдық әсерлену бере алмайды, егер ертедегі адамдардың құралдарымен танысу сияқты, бала өзі осы құралды өзі тауып алса, тәжірибе көрсеткендей, оқушының көне заттар дүниесімен танысуы, оның зерттеулері танымдық көкжиектерін кеңейтеді, құндылық қалыптастырады, баланың қалыптасу көзқарасын тереңдетеді. Екі-үш аптаның бос уақытында өлкенің тарихын тануға, бір рет болса да археологиялық ескерткіштердің қазу жұмыстарына ерекше көңіл бөлінсе, практика көрсеткендей, оқушылардың тарихқа деген қызығушылығы артады. Ең алдымен ол өлке тарихына, аз мөлшерде қалған тарихқа таралады.

Психологтар қызығушылықты жеке тұлғаның затқа тікелей өзіне қажет құндылыққа сай қатынасын, адам қызығушылығының мазмұны мен сипаты оның себебі мен қажеттілігінің құрылымы мен өсуіне, сонымен қатар заттың өзіне тән ақиқаттығының мәдени формасы мен құралының сипатына байланысты деп түсіндіреді. Бала даму процесінде ынталылық сферасын қалыптастыру, сол сияқты меңгеру, әдістер мен құралдарды жетілдіру алғашқы баланың есепсіз, еріксіз және үзінді-жағдайдағы қызығушылығын, саналы, ерікті және тұрақты қызығушылыққа айналдырады.

Қызығушылықтың мәнін түсіну, мағынасын аша түсу, өзінше ерікті қажеттілікке айналуы мүмкін. Мақсатты қызығушылықты қалыптастыру оқыту және тәрбиелеу практикасында маңызы зор.

Психологтар мен социологтардың «қызығушылық» түсінігіне берген анықтамасын сипаттай келе, қызығушылықта объективті және субъективті дүние арасындағы байланыс бар, кейбір социологтар бұл байланысты қызығушылықтың объективті сипатымен және оның адам санасында қалыптасуымен, ал психологтар қызығушылықты объективті және субъективті дүние арасындағы байланыстырушы звено деп қарайтынын айтып, «қызығушылық оқу әрекетінің ынтасының бірі оның жалпы бағытын анықтайды» дейді. Қызығушылық, оқу іс-әрекетін ынталандырушы құралдың біреуі

болып, оның жалпы бағытын анықтайды. Оның ерекшелігінің өзі танымдық қызығушылықты, оқытудың ынтасы ретінде қарастырылады. Оқушының ерте сезінуін және оқушының эмоционалдық сферасына жақын келеді.

Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін арттыру оқытудың күшті құралы ретінде көрінеді. Осыған байланысты қалыптастыру проблемасы көтеріледі. Осы жерде қарама-қарсы көзқарастар көп қалыптастыру қызығушылықтың қарапайым деңгейі, күшті әсер нәтижесінде пайда болған және сыртқы тарапына назар аударады дейді. Бұл қызығушылық тұрақсыз жаңа әсермен ығыстырылып, ұмытылып кетуі мүмкін.

Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін арттыру кейбір талаптарға жауап беру керек: біріншіден, оқушының зейінін сұрақтың қойылымына аударып, ойын жауап іздеуге аудару керек; екіншіден, елестету, қиялдау әрекеті мен алған білімді үйлесімді қолдана білуді талап ету; үшіншіден, қызықты сұраққа жауап беру үшін жеткілікті жан-жақты білім керек.

Дүниені танып-білудің жолы, білмеуден білуге қарай, білімін үнемі жетілдіру арқылы, толық білімге қарай өту екені мәлім. Таным процесі айналадағы шындық дүниені сезім мүшелері арқылы тікелей бейнелендіруден, сөйтіп нақты білім алудан басталады. Бұл сезімдік таным деп аталады. Адамды сыртқы дүниемен тікелей байланыстыратын бұл сезімдік таным шындық дүние жайындағы біздің біліміміздің қайнар көзі. Сезімдік таным үш негізгі формада іске асады, олар: түйсік, қабылдау және елестету. Сезімдік танымның үш формасы нәрселердің сыртқы бейнесін ғана бейнелендіреді. Алайда адам мұндай көрнекі бейнемен, нақты біліммен ғана шектеле алмайды. Ол жеке көрнекі бейнелерді жалпылап, нәрселердің ішкі қасиеттерін, мәнін танып-білуге, табиғат пен қоғамның заңдарын ашуға тырысады. Ал бұл абстрақтылы ойлау арқылы ғана іске асады.

Білім арқылы адам өзінің дүниетанымдық ауқымын кеңейтіп толықтырады. Білімді күнделікті қолдана білмесе, ол ешкімге жарамсыз бос дүние болып болып шығады. Ғылым, білімнің үнемі өсуі, жаңаруы, адам еңбегіне де жаңалық енгізіп әлеуметтік жағынан үнемі жаңарып, түрленіп дамып отыруын талап етеді. Педагогика ғылымындағы «дамыта оқыту», «дамыта тәрбиелеу» деген терминдердің мәні осы талапқа байланысты туған.

Оқыту мен тәрбиелеу практикасында танымдық қызығушылықтың міндеті — оқушының оқуға ынтасын қалыптастыру. Сабақтағы оқушының танымдық қызығушылығының дамуын қарастыра отыра, біз оқу қызығушылығы мен таным қызығушылығының түсініктерін анықтауымыз керек.

Оқуға қызығушылық сол білім төңірегінде танымдық қызығушылықтың қалыптасуына әсер етеді, екі түсінік балама емес, әрқайсысы өз орнында пайдаланылады.

Мектептегі білім беру танымдық, дамыту және тәрбиелеу функцияларымен қатар, балаға қоршаған орта шындығы туралы білім беру, ғылыми танымның әдістерімен қаруландыру, тұлғаға қажетті қасиеттер қалыптастырумен қатар, психологиялық функция іске асыру керек, яғни баланың оқу материалына оң көзқарасын қалыптастыру, білім мазмұнына бейінді қызығушылығын және оны ұғыну қажеттілігін түсіндіру.

Соңғы жылдары көптеген педагогтар оқушыны оқытқанда оларды өздерінің ішкі дүниесіне үңіліп, ішкі сезімдерімен санасу керек деген ұсыныс айтады, яғни білімнің балаға қаншалықты маңыздылығы мен қажеттілігін олардың бағалай ала білуін ескеру.

Жеке тұлғаны қалыптастыру дегеніміз — оны мәдениетке үйрету, білім, білік, қарым-қатынас ережелерін, әлеуметтік тәжірибені меңгерту. Ұлттық көркемөнермен, әдебиетпен, ғылыммен айналыстыру, адамгершілік құндылықтар жүйесін ұғына білуге, сөйтіп жеке бастың тәжірибесін үздіксіз байытып отыруға себін тигізу. Оқушы тұлғасын қалыптастыру және дамыту барысында оларды ұлттық мәдениет, аймақтық ерекшелікті ескеріп, дамытуға қажетті барлық жағдайды назарда ұстау қажет.

Абай Құнанбаев адамның танымдық қасиеттерінің табиғатын ғылыми материалистік тұрғыдан түсіндіреді. Қоршаған ортаның шындығын мойындай отырып, ақыл мен сана еңбек барысында қалыптасатындығы туралы ол: «Ақыл, ғылым — бұлар кәсіби», — дейді. Сыртқы дүниенің адамның сезім мүшелеріне әр түрлі сипатта әсер ететінін және олардың танымдық құбылыстармен, дәлірек айтқанда, ойлау, елестету, ұғым сияқты түйсіктермен байланысты екенін айтады [4].

Өз заманына сай ғылыми көзқарастарға ие болған ағартушы Шәкәрім Құдайбердіұлы адамның психикалық қызметінің табиғатын ашқанда, таным үрдістерінің табиғаты, түп-тамырын және «Біз әр нәрсені денедегі сезімімізбен білеміз. Мұқым барлықтың бәрі жаралыс жолмен еріксіз бар болып жатқанын көріп, біліп тұрамыз. Тән сезіп, құлақ естіп, көзбен көрмек, мұрын иіс, тіл дәмнен хабар бермек. Бесеуінен мидағы ой хабар алып, жақсы, жаман, әр істі сол тексермек», — дейді [5].

Канттың айтуынша, сыртқы дүние біздің сезім мүшелерімізге әсер ете отырып, көптеген түйсіктер жинақтаған материалдар мен фактілердің пайда болуына жол ашады. Бірақ олар тек құбылыстарды, заттарды тудырады. Олар әлі де білімге әкелмейді. Ал бұл құбылыстарды білу — адамның ойлау қызметінің жемісі. Ендеше таным туралы ғылым, ол ең алдымен — ойлау туралы логика. Ойлау мәні дегеніміз — пайымдау процесіндегі бірнеше ұғым, пікір, ойқорытынды сияқты ойлау формаларына тән қажетті, ішкі, мәнді байланыстар.

Бүгін Қазақстан жоғарғы мектебінде, 12 жылдық мектеп деңгейінде бейінді оқытуды жүзеге асыруда маман даярлау жүйесі алдында, студенттердің саяси білім негіздерін жетілдіру қажеттілігі, оларды өз азаматтық құқықтары мен міндеттерін білуге тәрбиелеу, сондай-ақ сыни ойлау мен азаматтық көзқарастарын қалыптастыру сияқты қажетті мәселелер тұр.

Азаматтық сана әлемтанушылық көзқарас, ниет тазалығы, еңбексүйгіштік, дене шыңдалуының жетілуі оқушыларға мектеп қабырғасында беріледі. Бұған қоса, өскелең ұрпақтың парасаты биік әрі жан-жақты сауатты, жауапкершілік сезімі қалыптасқан болуы үшін және олардың Отан алдындағы азаматтық борышын өтеу сияқты қасиеттерді бойларына сіңіру мақсатында Қазақстан мектептерінде кешенді шаралар жүргізілуі тиіс.

Соңғы жылдары мектеп оқушысының шығармашылық белсенділігін көтеру, оның білім мазмұнына, оқуға қызығушылығын арттыру мақсатында білім берудің жедел, тиімді жолдарын іздестіру басталды. Осыған байланысты оқушының шығармашылық қабілетін дамыту мақсатында материалдарды өңдеу, колданбалы қолөнерді пайдалану маңызын зерттеген жөн деп есептейміз.

Мектептегі барлық мұғалімнің міндеті баланың шығармашылыққа білетін дамыту, айналадағы дүниеге әр түрлі ғылымға қызығушылығын арттыру арқылы бейінді оқуға даярлау болып табылады. Әр түрлі жағдайларға байланысты бұл міндет мектеп сабақтарында ғана емес, оқушының жекелеген жұмыс процесінде факультативтік сабақтар, үйірмелерде, оқушылардың басқа да мектептен тыс жұмыстарында ұйымдастырылады.

Біздің ойымызша, жаңаша ұлттық мектепте еліміздің индустриалды-инновациялық даму саясатына сәйкес әрбір аймақтың өнеркәсіп даму ерекшелігін ескеріп, кешенді бағдарламалар жасау — педагогтардың басты міндеті. Бұл жерде біз нақты мектеп пәнін, сонымен қатар таңдау пәндерін, оқушыларды туған өлкенің материалдық, рухани, эстетикалық құндылықтарымен таныстыруға бағытталған технология сабағын және сабақтан тыс әрекеттерден тұратын педагогикалық жүйені айтамыз.

#### Әдебиеттер тізімі

- 1 Құл-Мұхаммед. М. Әл-Фараби: тарих, тұлға, уақыт. — Алматы: Аруина, 2006. — 95 б.
- 2 *Әбікәрімұлы Б. Жүсіп Баласағұни педагогикасы.* — Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2008. — 86 б.
- 3 *Аймауытов Ж.* Таңдаулы шығармалары. — Алматы: Атамұра, 2005. — 265 б.
- 4 *Құнанбаев А.* Өлең — сөздің патшасы. — Алматы: Дәуір, 2006. — 565 б.
- 5 *Қалиев С.* Этнопедагогика: Оқулық. — Астана: Фолиант, 2007. — 397 б.

К.Р.Исаева, А.К.Буртибаева

### **Проблемы подготовки педагогических кадров в реализации профильного обучения в 12-летнем школьном уровне**

В статье рассмотрены проблемы формирования у школьников личностного отношения к будущей профессии, понимание ее значимости, выработка трудовых навыков и их дальнейшее профессиональное совершенствование. Авторами проделан теоретический анализ научно-педагогической литературы. Выявлена социальная значимость подготовки педагога к организации проблемы профильного обучения и дана теоретико-практическая разработка проблемы диагностики профессиональных интересов и склонностей учащихся к деятельности в инновационном образовательном обществе.

K.R.Isaeva, A.K.Burtibaeva

## Problems of preparation of pedagogical shots in realization of profile training in the 12th summer school level

In article formation at school students of the personal relation to future profession, understanding of its importance, development of labor skills and their further professional improvement is considered problems. Authors did the theoretical analysis scientifically-pedagogical literature. The social importance of training of the teacher to the organization of a problem of profile training and teoretiko-practical development of a problem of diagnostics of professional interests and tendencies of pupils to activity in innovative educational society is revealed.

### References

- 1 Kul-Muhammed. *M. Al-Farabi: history, personality, time*, Alma-Ata: Aruana, 2006, 95 p.
- 2 Adikarimuly B. *Pedagogika of Zh.Balasaguni*, Karaganda: Publ. KSU, 2008, 86 p.
- 3 Aymaulytov Zh. *Chosen works*, Almaty: Atamura, 2005, 265 p.
- 4 Kunanbaev A. *Verses — the padishah of words*, Alma-Ata: Daur, 2006, 565 p.
- 5 Kaliev S. *Etnopedagogika: Textbook*, Astana: Foliant, 2007, 397 p.

UDC 81'243 (574)

O.Zengin<sup>1</sup>, Zh.S.Kalkabekova<sup>2</sup>, A.A.Ganyukova<sup>2</sup>

<sup>1</sup>*Kahramanmaras Sutcu Imam University, Kahramanmaras city, Turkey;*

<sup>2</sup>*E.A.Buketov Karaganda State University*

*(E-mail: aneta.2011@mail.ru)*

### Improving student motivation and achievement in Biology

In the article student-oriented environment and reciprocal approach in teaching biology are considered. The authors maintain in order to help students feel safe and comfortable in learning, the classroom needs to be student-centered. To show students what they know and feel proud of what they know, reciprocal teaching can be a powerful tool to become their own teachers. While preparing and delivering lessons, the following are improvements anticipated in students: ability to select useful and meaningful information from different sources, reading and analyzing information, organizing and highlighting relevant information to learn a topic, and oral and written communication of their learning.

*Key words:* Student-centered classroom, Reciprocal teaching, Student Motivation, Improvement, Constructivist Model, Biology Teaching, Classroom Teaching, Classroom Activities.

What is the problem? Perhaps, the many unhealthy experiences in the classroom, the school, and the community have led students to feel helpless and unmotivated to give science a chance. Science seems to be a difficult subject for many students. Apparently, many students drop out of school and university because of the difficulty and fear they experience in these classes. It is for this reason this theme was chosen to answer the following question in this action research: will a student-centered classroom and reciprocal teaching improve student *motivation* to learn and *achieve* in Biology?

We would like our students to communicate their knowledge and ideas efficiently, seek, analyze, and use information on their own, take initiative to solve problems, help others, work together, realize that the knowledge they gain cannot be taken away from them, understand how they learn, and use what they know to make a positive change in their lives and their community. It would be wonderful for students to understand and see the beauty of science all around them and in them. Our primary goal was to motivate students to learn biology. This in turn should have lead to students' desire to learn on their own, and not just about biology. Once that happened, student learning and achievement should have improved greatly. Students need to be empowered and take responsibility and ownership of their learning to be successful learners. To help students feel safe and comfortable learning, the classroom needs to be student-centered. For students to show